Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жедел штаб
ХАТТАМАСЫ
№06-01-01-01-2/63 (с)

Атырау қаласы 2024жылғы 2 шілде

Төрағалық етті Атырау облысының әкімі
С.Ж. Шәпкенов

Қатысқандар: (тізім бойынша)

Төтенше жағдайдың алдын алу бойынша жұмыстардың барысы туралы

1. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы:

- «Институт Казгипроводхоз» ЖШС-мен Жем өзені, Құрсай каналы, Қамыскөл және Соленный көлінің түптерін тереңдету және тазалауды қажет ететін учаскелерді анықтасын.

2. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы:

- анықталған учаскелерде Жем өзені, Құрсай каналы, Қамыскөл және Соленный көлінің түптерін тереңдету және тазалау жұмыстарын ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес бір көзден сатып алу арқылы ұйымдастырсын.

3. Жылыой ауданы әкімдігі:

- Жылыой ауданы елді мекендерін тасқын судан қорғау мақсатында қорғаныс бөгеттерін салуды ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес бір көзден сатып алуды ұйымдастырсын.

4. Білім беру басқармасы:

4.1. резервтен қаралған қаражатқа Жылыой ауданы Құлсары қаласынан 300 орындық дарынды балаларға арналған мектеп-лицей құрылысын ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес бір көзден сатып алуды ұйымдастырсын;

4.2. Жылыой ауданы Құлсары қаласындағы №19 мектептің ЖСҚ және күрделі жөндеу жұмыстарын ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес бір көзден сатып алуды ұйымдастырсын.

Облыс әкімі **С. Шәпкенов**

Scanner App Lite

Құлсары қаласындағы су тасқынынан зардап шеккен білім беру объектілерін қалпына келтіруге қатысты кеңестің хаттамасы

«15» мамыр 2024 жыл Атырау облысы

Қатысқандар:

Байдошев Тлекқабыл Ғайноллаұлы	-	Атырау облысының Білім беру басқармасы басшысының орынбасары;
Базылова Аида Біржанқызы	-	Атырау облысының Білім беру басқармасы Инвестициялық жобалар және материалдық-техникалық камтамасыз ету бөлімінің басшысы
Балмуханов Ерлан Төребайұлы (хатшысы)	-	Атырау облысының Білім беру басқармасы Инвестициялық жобалар және материалдық-техникалық камтамасыз ету бөлімінің бас маманы
Танатарова Гулжансара Қалиқызы	-	Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімі басшысы міндетін атқарушы
Жумагалиева Нурзада Жумагалиевна	-	Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің бас есепшісі міндетін атқарушы
Жумагалиева Салтанат Кулымжановна	-	Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің №8 жалпы орта білім беретін мектеп директоры
Шиганбаева Куляш Кусаевна	-	Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің №19 жалпы орта білім беретін мектеп директоры
Бейсова Майра Исламгалиевна	-	Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің №20 жалпы орта білім беретін мектеп директоры
Шакирова Сауле Майшиевна	-	Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Айгөлек» бөбекжай бақшасы меңгерушісі
Сарсенова Айсулу Есенкуловна	-	Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Өркен» бөбекжай бақшасы меңгерушісі міндетін атқарушы
Аязова Гулбану Тайбереновна	-	Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің Т.Култумиев атындағы №1 Саз мектебі директоры

Күн тәртібінде:

Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласындағы су тасқынынан зардап шеккен білім беру объектілерін қалыпқа келтіру туралы.

Scanner App Lite

- **Атырау облысының Білім беру басқармасы басшысының орынбасары Т.Байдошев:** Атырау облысы әкімі С.Шапкеновтың 2024 жылы 7 сәуірдегі «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімі басшылыкка ала отырып, нысандарды қалпына келтіру максатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағы 4-тармақшасы негізінде бір көзден алу тәсілімен құрылыс ұйымдарымен құрылыс-монтаждау жұмыстарына шарт жасасу кажет.

Қорытынды:

Аталған білім беру ұйымдарына 2024-2025 жылғы жаңа оқу жылына дайындау үшін, жөндеуді кажет ететін нысандарды тез арада қалпына келтіру максатында, Жылыой аудандық білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарына мердігер мекемелермен «бір көзден» мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу тапсырылады. Жөндеу жұмыстарын сапалы және шұғыл орындауға келісім беру туралы алдын ала кепілдік міндеттемелерін алу тапсырылсын.

Т.Байдошев

А.Базылова

Г.Таңатарова

Н.Жумагалиева

С.Жумагалиева

К.Шиганбаева

М.Бейсова

С.Шакирова

А.Сарсенова

Г.Аязова

Е.Балмуханов

Scanner App Lite

Сөз сөйлегендер:

- **Жылыой ауданы білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Г.Танатарова:** Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімі Жылыой ауданында көктемгі табиғи су тасқыны орын алып, 2024 жылғы 4 сәуірде аудан әкімінің №8 «Жылыой ауданы аумағындағы жергілікті аукымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» Шешімі және 2024 жылғы 11 сәуірдегі №2755 «Ғимараттың су астында қалғандығы туралы анықтама» негізінде Құлсары қаласы Абдрахманов көшесі №47 ғимаратта орналасқан «Жылыой ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі ғимаратына және бөлімге карасты №8, №20 орта мектептер және Білім иновация лицейінің жатақхана және оқу корпусы орналасқан №5, №6 орта мектептер, 5 балабақша («Салтанат», «Өркен-1», «Өркен-2»,«Айгөлек-1»,«Айгөлек-2») ғимараттарына тасқын су кірген болатын.

Тасқында қалған Құлсары қаласы тазартылғанға дейін 20 күннен астам судың ортасында тұрып су кірген білім беру ұйымдарының, жер асты сулары «№19 орта мектептің» ғимаратын, Т.Култумиев атындағы №1 саз мектебінің Д.Таубаев көшесі №57 мекен жайдағы ғимараты су коршауында қалып, бір айға жуық уақыт тасқын судан мектеп ғимаратына кіру мүмкін болмады. Бүгінгі күні мектеп айналасы судан тазартылды, алайда мектеп ғимаратына су кірмегенімен жылу қазандығы ғимаратына су 60 см дей биіктікпен кіріп, ғимараттың жертөлесі суға толған, 2 дана жылу қазандығы, жылу генераторы су ортасында тұрды, ауладағы тас төсеме жолдар бүлінді.

Қазіргі таңда су тасқынынан зардап шеккен білім нысандары ғимараттарының жарамдылығын анықтау мақсатында техникалық тексеруден өткізіліп, техникалық қорытындысы нәтижесі бойынша:

№19 мектеп ғимаратының тірек құрылымдардың сенімділігі мен орнықтылығы бойынша қанағаттанарлық жағдайда, бірақ су тасқыны салдарынан **күрделі жөндеуді кажет етеді**. Ғимараттың едендері отырып, қабырғалары жарылған және ішкі әрлеу бөлігі қанағаттанарлықсыз жағдайда, және мектеп ауласы абаттандыруды кажет етеді;

«№8 мектеп», «№20 мектеп», «Т.Култумиев атындағы №1 саз мектебінің» №2 ғимараты, «Өркен-1», «Өркен-2», «Айгөлек-1», «Айгөлек-2» балабақша ғимараттарының еден және еден жабындары, есіктері жарамсыз күйде, бірінші қабаттың қабырғалары толықтай әрлеуді қажет етеді. Ғимарат коршаулары майысып, ауладағы тас төсеме жолдары бұзылған, аталған мектеп, балабақша ғимараттары **ағымдағы жөндеуді** кажет етеді.

«Жылыой ауданы білім бөлімінің ғимараты» 1966 жылы салынған және «№5 Абай атындағы орта мектептің» 1963 жылғы ғимараты, «№6 мектептің 1975 жылғы бастауыш сыныптар ғимараттары» **кайта жөндеуге бюджет каржысы үшін тиімсіз, бұзылуға жатады деп көрсетілген.**

2021 жылы пайдалануға берілген «Салтанат балабақшасы» тірек құрылымдардың сенімділігі мен орнықтылығы бойынша қанағаттанарлықсыз, **іргетасы апатты жағдайда.**

Сондай-ақ тасқын судан тұрғын үйлері зардап шеккен мектеп оқушыларының оқулықтары және №8 жалпы орта білім беретін мектептің кітапхана қоры суға кетіп толықтай жарамсыз болды.

Scanner App Lite